

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

16 қаңтар 2025 жыл

KACC Thomas Murray-ден "позитивті" болжамымен "А+" деңгейінде операциялық рейтингке ие болды

"KASE Клиринг орталығы" АҚ оған сауда-саттықтан кейінгі тәуекелдерді бағалау бойынша мамандандырылған Thomas Murray британдық коналтингтік агенттігі "А+" деңгейінде операциялық рейтинг бергені туралы хабарлайды. Рейтинг бойынша болжам – "Позитивті".

Операциялық рейтинг орталық контрагенттің клиенттерге операциялық қызмет көрсету шеңберінде өз міндеттемелерін орындау қабілеті туралы рейтингтік агенттіктің сараптамалық пікірін көрсетеді.

Рейтингтік бағалау тәуекелдердің алты компонентін талдауға негізделген:

- 1) қарсы серіктестің тәуекелі – есеп айырысуға қатысушылардың өз міндеттемелерін орындау қабілеті;
- 2) өтімділікті басқару тәуекелі – есептесулер үшін қаражаттың қажетті деңгейін қамтамасыз етудің тиімділігі;
- 3) активтерді сақтау тәуекелі – клиенттердің активтерін қорғау және сенімді сақтау кепілдігі;
- 4) қаржылық тәуекел - орталық контрагенттің қаржылық жағдайының тұрақтылығы;
- 5) операциялық тәуекел – техникалық және ұйымдастырушылық ақаулармен күресу мүмкіндігі;
- 6) ашықтық пен корпоративтік басқару тәуекелі – процестердің ашықтығы және басқару механизмдерінің тиімділігі.

1994 жылы негізі қаланған сауда-саттықтан кейінгі тәуекелдерді бағалау бойынша мамандандырылған Thomas Murray британдық коналтингтік агенттігі кастодиандар, орталық депозитарийлер және орталық контрагенттер сияқты қаржы нарығының инфрақұрылымдық ұйымдарының операциялық қызметіне тән тәуекелдерді бағалаумен айналысады. Thomas Murray әлемдегі ең ірі 30 орталық контрагенттің тұрақты бағалауын жүргізеді (әлемде барлығы 90-нан астам орталық контрагент бар). Бағалаудан өткен 30 орталық контрагенттің орташа рейтингі "AA" болып табылады.

Осылайша, "KASE Клиринг орталығы" АҚ ірі орталық контрагенттердің элиталық тобына кіріп, орташа рейтингтен бір пунктке төмен рейтинг алды. Салыстыру үшін ұқсас рейтингтер келесі халықаралық орталық контрагенттерге берілді: JSE Clear (South Africa)A+, Asigna(Mexico)A+, CCV(Mexico)A, SIX x-clear (Switzerland)A+, TASECH(Israel)A.

"Thomas Murray-ден осы операциялық рейтингті беру "KASE Клиринг орталығы" АҚ-ның жоғары сенімділігі мен кәсібилігін растайды. Бұл рейтинг тәуекелдерді басқаруға және операциялық қызметтің тұрақтылығын қамтамасыз етуге дәйекті көзқарасымыздың нәтижесі болып табылады. Біз әлемнің үздік орталық контрагенттерінің қатарына кіргенімізді мақтан тұтамыз және қаржы нарығының барлық қатысушылары үшін сенімді серіктес ретінде беделімізді нығайтуды жалғастыруға ниеттіміз", – деп атап өтті "KASE Клиринг орталығы" АҚ Басқармасының Төрайымы Наталья Хорошевская.

Анықтама үшін

"KASE Клиринг орталығы" АҚ Биржаның "eTrade.kz" ЖШС еншілес ұйымын қайта құру жолымен құрылды және 2022 жылдың 21 маусымында тіркелген. КАСС Биржаның 2024 жылға дейінгі даму стратегиясының "Негізгі инфрақұрылымдық элемент ретінде Орталық контрагентті дамыту" бағытына сәйкес құрылған. 2024 жылдың 03 маусымынан бастап Клирингілік орталық клирингілік және есеп айырысу қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ барлық KASE нарықтарында орталық контрагенттің функцияларын орындайды.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz